# Бас әскери прокуратура, Бас көлік прокуратурасы, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығы

"Прокуратура туралы" Конституциялық заңның 9-бабының 14) және 15) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бас әскери прокуратура туралы ереже;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бас көлік прокуратурасы туралы ереже;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Астана қаласының прокуратурасы туралы ереже;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Алматы қаласының прокуратурасы туралы ереже;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Шымкент қаласының прокуратурасы туралы ереже;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Абай облысының прокуратурасы туралы ереже;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Ақмола облысының прокуратурасы туралы ереже;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысының прокуратурасы туралы ереже;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Алматы облысының прокуратурасы туралы ереже;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Атырау облысының прокуратурасы туралы ереже;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы туралы ереже;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Жамбыл облысының прокуратурасы туралы ереже;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының прокуратурасы туралы ереже;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Қарағанды облысының прокуратурасы туралы ереже;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Қостанай облысының прокуратурасы туралы ереже;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Қызылорда облысының прокуратурасы туралы ереже;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысының прокуратурасы туралы ереже;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Павлодар облысының прокуратурасы туралы ереже;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы туралы ереже;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Түркістан облысының прокуратурасы туралы ереже;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Ұлытау облысының прокуратурасы туралы ереже;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кейбір құқықтық актілерінің күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Бас әскери прокуратура, Бас көлік прокуратурасы, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) бір ай мерзімде өз актілерін осы бұйрыққа сәйкес келтіруді;

2) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппаратына жүктелсін.

6. Осы бұйрықпен барлық прокурорлар және Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдары жүйесінің жұмыскерлері таныстырылсын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Бас Прокуроры* — *Б. Асылов*

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы

№ 37 бұйрығына
1- қосымша

# Бас әскери прокуратура туралы ЕРЕЖЕ

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Бас әскери прокуратура" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бас әскери прокуратура) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мамандандырылған органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттің қорғаныс және әскери қауіпсіздігі саласындағы өзге де мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Бас әскери прокуратурада төмен тұрған өңірлердің және гарнизондардың әскери прокуратуралары бар.

3. Бас әскери прокуратура өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бас әскери прокуратура мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы мемлекеттік және басқа тілдерде жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бас әскери прокуратура азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бас әскери прокуратура, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бас әскери прокуратура өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бас әскери прокурордың бұйрықтарымен, өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бас әскери прокуратураның құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 14.

10. Осы Ереже Бас әскери прокуратураның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бас әскери прокуратураның қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Бас әскери прокуратураға кәсіпкерлік субъектілерімен Бас әскери прокуратураның өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

әскери прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексереді;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысады және іс бойынша қорытынды береді;

заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіреді;

наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасайды;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартады;

заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды және тоқтатады;

атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексереді;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреді;

адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзылушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындайды;

басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысады;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысады;

шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда ( төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

прокурорлар мен өзге де қызметкерлердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдауын бақылауды жүзеге асырады;

заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайды;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарайды;

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

заңсыз жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі адамдарды дереу босатады;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жояды;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың; мемлекеттің қорғаныс және әскери қауіпсіздігі саласындағы өзге де мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың, оның ішінде азаматтардың әскери даярлығын ұйымдастыру, оларды мерзімді әскери қызметке және әскери жиындарға шақыру, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау мәселелері жөніндегі қызметтерінің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

5) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат

алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады;

6) нормашығармашылық қызметке қатысады;

7) өз құзыреті шегінде төтенше жағдайлар мен қылмыстар, оның ішінде терроризм актісінің туындау қаупі туралы ақпараттың мониторингін ұйымдастырады;

8) әскери прокуратура органдарында жұмылдыру дайындығы және арнайы есепке алу бойынша қызметті ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Бас әскери прокуратураға басшылықты Бас әскери прокуратураға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Бас әскери прокурор жүзеге асырады.

17. Бас әскери прокурор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бас әскери прокурордың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Бас әскери прокурордың өкілеттіктері:

1) Бас әскери прокуратураның және өңірлер мен гарнизондардың әскери прокуратураларының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Бас әскери прокуратураның алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі әскери басқару және қылмыстық қудалау органдарының үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Бас әскери прокуратураның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Бас әскери прокуратураның атынан өкілдік етеді;

7) мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау және әскери органдардың, оның ішінде орталық мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау және әскери органдардың атына қадағалау және ден қою актілерін енгізеді;

8) мыналарды:

Бас әскери прокуратураның регламентін;

әскери прокуратура органдарының жұмыс жоспарын бекітеді;

9) Конституциялық занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бас әскери прокурор болмаған кезенде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Бас әскери прокурор қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Бас әскери прокуратураның аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

22. Өңірлер мен гарнизондардың әскери прокуратураларын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тағайындайтын тиісті әскери прокурорлар басқарады .

23. Өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары:

1) өңірлердің немесе гарнизондардың әскери прокуратураларының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер шығарады;

3) өңірдің немесе гарнизонның тиісті әскери прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) меншік нысанына қарамастан, басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен және мекемелермен өзара қатынастарда өңірдің немесе гарнизонның тиісті әскери прокуратурасының атынан өкілдік етеді;

5) құжаттарға қол қояды, прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының атына, Бас әскери прокуратура арқылы - орталық мемлекеттік органдардың атына енгізеді;

6) Конституциялық занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өңірдің немесе гарнизонның әскери прокуроры болмаған кезенде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

24. Бас әскери прокуратураның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бас әскери прокуратураның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Бас әскери прокуратураға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Бас әскери прокуратура өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

27. Бас әскери прокуратураны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
2-қосымша

**Бас көлік прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бас көлік прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бас көлік прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының көлік және көлік инфрақұрылымы саласындағы мамандандырылған органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Бас көлік прокуратурасының төмен тұрған өңірлік прокуратуралары бар.

3. Бас көлік прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бас көлік прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және басқа тілдерде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бас көлік прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бас көлік прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бас көлік прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бас көлік прокурорының бұйрықтарымен, өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бас көлік прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 14.

10. Осы ереже Бас көлік прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бас көлік прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Бас көлік прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Бас көлік прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

**2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

көлік прокуратурасы органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысады және іс бойынша қорытынды береді;

заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіреді;

наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасайды;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялайды, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартады;

заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды және тоқтатады;

атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексереді;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреді;

адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзылушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындайды;

басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысады;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысады;

шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда ( төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

прокурорлар мен өзге де қызметкерлердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдауын бақылауды жүзеге асырады;

заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайды;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарайды;

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

заңсыз жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі адамдарды дереу босатады;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жояды;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес мыналарға:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан көлік саласындағы өзге де ұйымдардың, оның ішінде олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің, сондай-ақ көлік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне (оның ішінде республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдары, теміржол ұйымдары, автомобиль (жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен тасымалдау бөлігінде, қалаішілік көліктерді қоспағанда), теңіз, ішкі су көлігі, азаматтық және эксперименттік авиация, қалалық рельсті және магистральдық құбырға (су құбырларынан басқа) көлік, ғарыш жүйесі) қатысты қызметтерінің;

кеден заңнамасында көзделген кедендік рәсімдерді қолданбай Еуразиялық экономикалық одақ ішінде тауарлардың өткізілуіне байланысты мәселелерді қоспағанда, кедендік реттеудің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

5) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады;

6) нормашығармашылық қызметке қатысады;

7) өз құзыреті шегінде төтенше жағдайлар мен қылмыстар, оның ішінде терроризм актісінің туындау қаупі туралы ақпараттың мониторингін ұйымдастырады;

8) көлік прокуратурасы органдарында жұмылдыру дайындығы және арнайы есепке алу бойынша қызметті ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Бас көлік прокуратурасына басшылықты Бас көлік прокуроры жүзеге асырады, ол Бас көлік прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бас көлік прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бас көлік прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бірінші орынбасары болады.

19. Бас көлік прокурорының өкілеттіктері:

1) Бас көлік прокуратурасы мен өңірлік көлік прокуратураларының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Бас көлік прокуратурасының алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Көліктегі Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Бас көлік прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Бас көлік прокуратурасының атынан өкілдік етеді;

7) мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, оның ішінде орталық мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының атына қадағалау және ден қою актілерін енгізеді;

8) мыналарды:

Бас көлік прокуратурасының жұмыс регламентін;

көлік прокуратурасы органдарының жұмыс жоспарларын бекітеді;

9) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бас көлік прокуроры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Бас көлік прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Бас көлік прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

22. Өңірлік көлік прокуратураларын Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры тағайындайтын тиісті прокурорлар басқарады.

23. Өңірлік көлік прокурорлары:

1) өңірлік көлік прокуратураларының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер шығарады;

3) тиісті өңірлік көлік прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда тиісті өңірлік көлік прокуратурасының атынан өкілдік етеді;

5) құжаттарға қол қояды, прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін–өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының атына, Бас көлік прокуратурасы арқылы – орталық мемлекеттік органдардың атына енгізеді;

6) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өңірлік көлік прокурорының өкілеттіктерін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

24. Бас көлік прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бас көлік прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Бас көлік прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Бас көлік прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

27. Бас көлік прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
3-қосымша

**Астана қаласының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Астана қаласының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Астана қаласының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Астана қаласы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Астана қаласының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Астана қаласының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және басқа тілдерде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Астана қаласының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Астана қаласының прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Астана қаласының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Астана қаласы прокурорының бұйрықтарымен және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Астана қаласы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 31.

10. Осы ереже Астана қаласы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Астана қаласы прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Астана қаласының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Астана қаласы прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

**2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Шымкент қаласының прокуратурасына басшылықты Шымкент қаласының прокуроры жүзеге асырады, ол Шымкент қаласының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Шымкент қаласының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Шымкент қаласы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Шымкент қаласы прокурорының өкілеттіктері:

1) Шымкент қаласы прокуратурасының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Шымкент қаласы прокуратурасының алқасын құрады, оның жұмыс Регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Шымкент қаласының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Шымкент қаласы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Шымкент қаласының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

7) мыналарды:

қала прокуратурасының регламентін;

қала прокуратурасының жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Шымкент қаласы прокурорының өкілеттіктерін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Шымкент қаласының прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Шымкент қаласы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Шымкент қаласы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Шымкент қаласы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Шымкент қаласының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Шымкент қаласының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Шымкент қаласының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы<br>Бас Прокурорының<br>2023 жылғы 20 қаңтардағы<br>№ 37 бұйрығына<br>6-қосымша

**Абай облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Абай облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Абай облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Абай облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Абай облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы

ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Абай облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы мемлекеттік және басқа тілдерде жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Абай облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Абай облысының прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Абай облысының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Абай облысы прокурорының бұйрықтары және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Абай облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы , Семей қаласы, Панфилов көшесі, 69.

10. Осы Ереже Абай облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Абай облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Абай облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Абай облысы прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді,

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексереді;

күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексереді, заңсыз шешімдерінің күшін жояды;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысады және іс бойынша қорытынды береді;

заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіреді;

наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасайды;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартады;

заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды және тоқтатады;

атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексереді;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреді;

адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзылушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындайды;

басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысады;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысады;

шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда ( төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

прокурорлар мен өзге де қызметкерлердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдауын бақылауды жүзеге асырады;

заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайды;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарайды;

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

заңсыз жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі адамдарды дереу босатады;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жояды;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

5) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады;

6) нормашығармашылық қызметке қатысады;

7) өз құзыреті шегінде төтенше жағдайлар мен қылмыстар, оның ішінде терроризм актісінің туындау қаупі туралы ақпараттың мониторингін ұйымдастырады;

8) Абай облысы прокуратурасының органдарында жұмылдыру дайындығы және арнайы есепке алу бойынша қызметті ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Абай облысының прокуратурасына басшылықты Абай облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Абай облысының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Абай облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Абай облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Абай облысы прокурорының өкілеттіктері:

1) Абай облысы прокуратурасының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Абай облысы прокуратурасының алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Абай облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Абай облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Абай облысының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

7) мыналарды:

облыс прокуратурасының регламентін;

облыс прокуратурасының жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Абай облысының прокуроры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

20. Абай облысының прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Абай облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

## 4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Абай облысының прокуратурасында заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлік болуы мүмкін.

Абай облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Абай облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Абай облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат

есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Абай облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
7-қосымша

## Ақмола облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ақмола облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ақмола облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Ақмола облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Ақмола облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Ақмола облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және басқа тілдерде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Ақмола облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Ақмола облысының прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Ақмола облысының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ақмола облысы прокурорының бұйрықтары және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Ақмола облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Біржан сал көшесі, 45.

10. Осы Ереже Ақмола облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ақмола облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Ақмола облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Ақмола облысы прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

**2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер

физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексереді;

күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексереді, заңсыз шешімдерінің күшін жояды;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысады және іс бойынша қорытынды береді;

заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіреді;

наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасайды;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартады;

заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды және тоқтатады;

атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексереді;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреді;

адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзылушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындайды;

басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысады;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысады;

шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда ( төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

прокурорлар мен өзге де қызметкерлердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдауын бақылауды жүзеге асырады;

заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайды;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру

барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарайды;

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

заңсыз жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі адамдарды дереу босатады;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жояды;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

5) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады;

6) нормашығармашылық қызметке қатысады;

7) өз құзыреті шегінде төтенше жағдайлар мен қылмыстар, оның ішінде терроризм актісінің туындау қаупі туралы ақпараттың мониторингін ұйымдастырады;

8) Ақмола облысы прокуратурасының органдарында жұмылдыру дайындығы және арнайы есепке алу бойынша қызметті ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Ақмола облысының прокуратурасына басшылықты Ақмола облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Ақмола облысының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Ақмола облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Ақмола облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Ақмола облысы прокурорының өкілеттіктері:

1) Ақмола облысы прокуратурасының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Ақмола облысы прокуратурасының алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Ақмола облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Ақмола облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Ақмола облысының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

7) мыналарды:
облыс прокуратурасының регламентін;
облыс прокуратурасының жұмыс жоспарларын бекітеді;
8) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
Ақмола облысы прокурорының өкілеттіктерін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.
20. Ақмола облысының прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.
21. Ақмола облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Ақмола облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.
Ақмола облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
23. Ақмола облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.
24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Ақмола облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Ақмола облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
8-қосымша

**Ақтөбе облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Ақтөбе облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ақтөбе облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Ақтөбе облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Ақтөбе облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Ақтөбе облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және басқа тілдерде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Ақтөбе облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Ақтөбе облысының прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Ақтөбе облысының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ақтөбе облысы прокурорының бұйрықтары және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Ақтөбе облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 030008, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Өтеген Сейітов көшесі, 6.

10. Осы Ереже Ақтөбе облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ақтөбе облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Ақтөбе облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Ақтөбе облысы прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексереді;

күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексереді, заңсыз шешімдерінің күшін жояды;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

облыс прокуратурасының регламентін;

облыс прокуратурасының жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) Конституциялық занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Түркістан облысы прокурорының өкілеттіктерін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Түркістан облысының прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Түркістан облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Түркістан облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Түркістан облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Түркістан облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Түркістан облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Түркістан облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
21-қосымша

**Ұлытау облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Ұлытау облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ұлытау облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және

нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Ұлытау облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Ұлытау облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Ұлытау облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және басқа тілдерде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Ұлытау облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Ұлытау облысының прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Ұлытау облысының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ұлытау облысы прокурорының бұйрықтары және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Ұлытау облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 100600, Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Юрий Гагарин көшесі, 44.

10. Осы Ереже Ұлытау облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ұлытау облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Ұлытау облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен облыс прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексереді;

күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексереді, заңсыз шешімдерінің күшін жояды;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысады және іс бойынша қорытынды береді;

заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіреді;

наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасайды;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартады;

заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды және тоқтатады;

атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексереді;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреді;

адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзылушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындайды;

басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысады;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысады;

шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда ( төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

прокурорлар мен өзге де қызметкерлердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдауын бақылауды жүзеге асырады;

заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайды;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарайды;

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

заңсыз жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі адамдарды дереу босатады;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жояды;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

5) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады;

6) нормашығармашылық қызметке қатысады;

7) өз құзыреті шегінде төтенше жағдайлар мен қылмыстар, оның ішінде терроризм актісінің туындау қаупі туралы ақпараттың мониторингін ұйымдастырады;

8) Ұлытау облысы прокуратурасының органдарында жұмылдыру дайындығы және арнайы есепке алу бойынша қызметті ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Ұлытау облысының прокуратурасына басшылықты Ұлытау облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Ұлытау облысының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Ұлытау облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Ұлытау облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Ұлытау облысы прокурорының өкілеттігі:

1) Ұлытау облысы прокуратурасының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Ұлытау облысы прокуратурасының алқасын құрады, оның жұмыс Регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Ұлытау облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Ұлытау облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Ұлытау облысының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

7) мыналарды:

облыс прокуратурасының регламентін;

облыс прокуратурасының жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ұлытау облысы прокурорының өкілеттіктерін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Ұлытау облысының прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Ұлытау облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Ұлытау облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Ұлытау облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Ұлытау облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Ұлытау облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Ұлытау облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
22-қосымша

# Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар .

3. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және басқа тілдерде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Шығыс Қазақстан облысы прокурорының бұйрықтары және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070000, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 21.

10. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

заңда белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтауды және жоюды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізеді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізеді;

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіреді;

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды талап етеді;

прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындайды, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етеді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттейді;

өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге және қорытынды беруге қатысуға тартады;

қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартады;

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырады және олардан түсініктер алады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты,

материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдырады және алады;

дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолданады ;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексереді;

күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексереді, заңсыз шешімдерінің күшін жояды;

тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарайды;

заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысады және іс бойынша қорытынды береді;

заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіреді;

наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасайды;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді,

құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізеді;

қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартады;

заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды және тоқтатады;

атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексереді;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреді;

адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзылушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындайды;

басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысады;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысады;

шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда ( төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

прокурорлар мен өзге де қызметкерлердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдауын бақылауды жүзеге асырады;

заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайды;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарайды;

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

заңсыз жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі адамдарды дереу босатады;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жояды;

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді;

3) қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіреді;

5) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады;

6) нормашығармашылық қызметке қатысады;

7) өз құзыреті шегінде төтенше жағдайлар мен қылмыстар, оның ішінде терроризм актісінің туындау қаупі туралы ақпараттың мониторингін ұйымдастырады;

8) Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының органдарында жұмылдыру дайындығы және арнайы есепке алу бойынша қызметті ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды қамтиды.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасына басшылықты Шығыс Қазақстан облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Шығыс Қазақстан облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Шығыс Қазақстан облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Шығыс Қазақстан облысы прокурорының өкілеттіктері:

1) Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) Шығыс Қазақстан облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

5) Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы атынан өкілдік етеді;

7) мыналарды:

облыс прокуратурасының регламентін;

облыс прокуратурасының жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Шығыс Қазақстан облысы прокурорының өкілеттіктерін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Шығыс Қазақстан облысының прокуроры қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші орынбасары мен орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Аппарат басшысы басқарады.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша

берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### 5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 20 қаңтардағы
№ 37 бұйрығына
23-қосымша

### Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күші жойылған кейбір құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығы;

2. "Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 17 тамыздағы № 102 бұйрығы;

3. "Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 117 бұйрығы;

4. "Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 10 тамыздағы № 163 бұйрығы;

5. "Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 189 бұйрығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК